

ӘОЖ 1(574)

Б.Е. Молдағалиев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Baurkz_8888@mail.ru

Шығыс – Батыс сұхбаты аясындағы қазақ мәдениетінің ерекшелігі

Бұл мақалада Шығыс пен Батыс, сұхбат пен толеранттылық ұғымдарын концептуалдық тұрғыдан талдап, олардың мәні мен мағынасын ашу қажеттілігін талқылайды. Сонымен қатар, Шығыс пен Батыс өркениеттерінің өзара әсері мен сұхбаты ауқымында мәдени құндылықтарды зерттеудің концептуалдық қырларын айқындауда, мәдениет, өркениет, этнос пен ұлт, мәдени бірегейлік (identity), мәдени өзара әсер мен дамуы қарастырылады.

Түйін сөздер: құндылық, Шығыс пен Батыс, салт-дәстүр, бірегейлік, мәдениет, өркениет.

B.E. Moldagaliyev

Features values of Kazakh culture in the context of East-West dialogue

This paper presents a conceptual analysis of the notion of tolerance in the context of dialogue East-West, and explains the need for disclosure of the meaning and significance of concepts. The author examines the mutual influence and the development of culture, civilization, ethnic group, nation, identity in the process of finding the truth in the context of the dialogue of civilizations between East and West.

Key words: values, East-West, tradition, identity, culture and civilization.

Б.Е. Молдағалиев

Особенности казахской культуры в контексте диалога Восток-Запад

В данной статье дается концептуальный анализ понятия толерантного диалога в контексте Восток-Запад и объясняется необходимость раскрытия смысла и значения понятия. Автор рассматривает взаимовлияние и развитие культуры, цивилизации, этноса, нации, идентичности в процессе нахождения истины в контексте диалога цивилизаций Востока и Запада.

Ключевые слова: ценности, Восток-Запад, традиции, идентичность, культура и цивилизация.

Бүгінгі күні кеңінен таралған анықтамалық әдебиеттерде *мәдениет* ұғымы белгілі бір тарихи дәуірдің, нақтылы қоғамдардың, халықтар мен ұлттардың материалдық және рухани даму деңгейін сипаттау үшін қолданылады. Сонымен қатар, мәдениет жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы болып табылады. Ол әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес қалыптасады. Мәдениет адамдықтың өлшемі бола тұра, адаммен тікелей қатынаста өмір сүреді, себебі адам бұрыннан жасалып келген мәдениетті бойына сіңіреді, қабылдайды, өзінің болашақ қызметі-

нің алғышартына айналдырады. Сөйтіп, өзінің білімін, адамдық мәнін қалыптастырады. Мәдениеттану тұрғысынан әрбір нақты мәдениет әлеуметтік болмыстың жандануы мен жаңаруының белгілі бір баспалдақтары ретінде көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда, мәдениеттің басты мәселесі – адамзат болмысының жандануы мен өзгеріске түсуінің немесе жаңару нұсқаларының арақатынасы. Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған жасампаз мұрасы, онда қоғам мен жеке адамның рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталған. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы, тарихи жады мен есі, діни және философиялық жүйелері мен рәміз-таң-

балық өсиеттері, өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты – барлығы мәдениетпен біте қайнасқан.

Бүгінгі қоғамда мәдениет терминімен қатар, күнделікті лексиконда мейлінше көп қолданылатын сөздің бірі – *өркениет*. Энциклопедиялық әдебиеттерде өркениет «латынның *civilis* – азаматтық сөзінен аударылады және қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығын білдіреді. Ежелгі римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері этноцентризмді ұстана отырып, атаған басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Олардың түсініктері бойынша өркениет азаматтық қоғам, қалалық мәдениет, заңға негізделген басқару тәртібі қалыптасқан рим империясының даму дәрежесін білдірген. Өркениет мәдениет ұғымымен тығыз байланысты» [1].

Жоғарыда аталған екі ұғымға қатысты әлемдік философиялық ойдың тарихында топшыланып, түйінделген мынадай мойындалған анықтамалардың бар екенін атап өту қажет. Мысалы, мәдениет пен өркениет мағынасы бір синонимдер (И.Г. Гердер мен Э. Тэйлор), өркениет мәдениеттің «кәрілік» кезі, оның ақыры, руханилықтың қарсы ұғымы (Ж.Ж. Руссо, Ш. Фурье, О. Шпенглер) немесе, керісінше, өркениет – мәдениеттің прогресі, қоғамның парасаттылық деңгейі (М.Ф. Вольтер, Д. Белл), өркениет – жабайылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л. Морган), өркениет – этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А.Д. Тойнби, Н.Я. Данилевский), өркениет – мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы (Н. Бердяев) және т.б.

Бұдан байқағанымыз, мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты түсініктер екен. Белгілі мәдениеттанушы Г. Чайлдтың пікірінше, өркениетке еңбектің қоғамдық жолымен бөлінуі, қалалардың пайда болуы, жазбаша мәдениеттің дамуы, қолөнер мен сауданың өркендеуі, азаматтық қоғам мен мемлекеттің орнауы жатады. Бірақ, дегенмен бұл екі ұғымның өзіндік мәнге ие болып, әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар екенін мойындау қажет: мәдениет – жасанды объектілер жиынтығын (материалды және рухани) білдіреді. Оны мәдениеттану, философия, этнография, мәдени антропология тәрізді гуманитарлы ғылымдар зерттейді. Мәдениеттің ерекшелігі – шынайы болмыста табиғат (натура) пен адамның жасампаз әлемінің (культура) жанама түрде қарасты-

рылуы, соның нәтижесінде үшінші объективтендірілген дүние қалыптасады.

Кейде мәдениет өркениетке, «тірі организмнің» «механизмге» қарама-қарсылығы сияқты қарсы қойылады. Өркениет терминінің бірінші болып француз ағартушысы Мирабо 1756 ж. ғылыми айналымға енгізді. Бұл ұғымның қалыптасуы таптық қоғамның пайда болуымен, жинақтау шаруашылығынан өндірістікке өтумен байланысты. Өркениеттің негізі – қоғамдық байлық. Өркениеттілікке келуді әлеуметтік негіздерді қалыптастыру, қоғам дамуының әлеуметтік әулетін (потенциал) өсуі деп түсіну керек. Өркениет ұғымын диалектикалық жеке, ерекше және жалпы негіздерінде қарастыруға болады: француз, жапондық т.б. өркениеттер; немесе еуропалық, африкалық, батыстық, шығыстық өркениет деп; ал қазыргы заманда көптеген өркениеттердің күрделі интеграциясы байқалады – жалпы бір әлемдік өркениеттің қалыптасу процесі өтіп жатыр, сонымен қатар осы жаһандандудың (глобализация) ішінде ұлттық-мәдени ерекшеліктерді сақтап қалуға тырысатын оқшаулану (локализация) үрдісі де аңғарылады.

Сонымен, түйіндеп айтар болсақ, егер мәдениет кең ауқымды ұғым болып табылса, адамзат дамуының әр тарихи кезеңдеріне, адам өмірінің барлық салаларына қатысты болса; өркениет адамзат дамуының белгілі бір дәрежеге жетуін білдіріп, белгілі бір тарихи кезеңдермен байланысты қарастырылады. Жалпы адамзаттық мәдениет жеке ұлттық мәдениеттерден түзіле отырып, өзінің дамуы барысында жаңғыруды, жаңалануды, жаһандандуды бастан кешіреді.

Осы орайда, жаһандану жағдайындағы *ұлттық мәдениет* пен мәдени бірегейлік туралы өзекті мәселе бар. Әрбір нақты тарихи қоғамда саны, әсері мен дамуы жағынан әртүрлі биоәлеуметтік қауымдар өмір сүретіні белгілі

Жалпы этникалық сатының негізгі үш деңгейі болады: субэтнос, этнос, суперэтнос. Негізгі буын – *этнос* субэтностардың жиынтығын білдіреді. Ал этностардың интеграциясы суперэтносты құрайды, оның жарқын көрінісінің үлгісі ретіне араб-мұсылман әлемін немесе қазіргі батыс еуропалық этномәдени тұтастықты алуға болады. Ал қазақ этносын құрайтын субэтностарға оның ру-тайпалық құрылымдары жатады. Мәнді өзгерістерге алып келетін этностардың өзара әрекетін *этностық процесс* (*үдеріс*) деп атайды. Оның эволюциялық және трансформациялық бағыттары болады. Эволюциялық бағыты этностың негізгі элементтерінің, ең алдымен

тіл мен мәдениеттің сапалы өзгерісін білдіреді. Трансформациялық этникалық процесс ұлттық бірегейлікті алмастыруға алып келетін өзгерістерді қамтиды, оның негізгі кезеңі этникалық өзіндік сананың алмасуы болып табылады. Трансформациялық біріктіруші процестер консолидация, ассимиляция және интеграция түрінде жүзеге асады.

Консолидация – тіл мен мәдениеті жағынан бір-біріне жақын бірнеше дербес халықтардың біртұтас ірі этносқа бірігуі. Мысалы, XV ғасырда түрікі тілдес тайпалардың қазақ этносына бірігуі.

Ассимиляция – көбіне саны аз халықтың өзге ірі этностың құрамына сіңіп кетуі, нәтижесіне өзінің этникалық қасиеттерін жоюы. Мысалы, моңғол тілдес тайпалардың Алтын Орда заманы тұсында қыпшақтармен ассимиляциялануы.

Интеграция – тілі мен мәдениеті әртүрлі бірнеше халықтардың ортақ белгілер пайда болуына байланысты бірігуі, бірақ олардың тұрақтылығы мен беріктілігі шамалы, ұзақ өмір сүрмейді. Мысалы, Австро-Венгрия, Осман империясы, КСРО, Югославия және т.б.

Қазақ этномәдениетінің тұрақтылығы батыстық мәдени экспансияның әсерімен толық ассимиляциялануға қарсы тұрды. Дегенмен де бірнеше ғасырға созылған отаршылдық пен тоталитаризм ықпалы қазақ қоғамының маргиналдануына әкеліп соқты. Қазақ ұлты да басқа этностардың мәдениеті секілді өз дамуы барысында құлдырауды, жаңғыру мен қайта өрлеуді, жаңару (модернизация) мен жаһандануды (глобализация) бастан кешірді және оның ықпалын қазір де сезінуде. Ашық мәдениет ретінде қазақ этномәдениеті әлемдік үдерістерден тыс қала алмайды.

Географиялық оқшаулықтың «Батыс пен Шығыс» деп аталатын бұрынғы горизонтальды оппозициясы бүгінгі күні ғаламшарлық деңгейдегі әлеуметтік вертикаль «Солтүстік пен Оңтүстік» оппозициясымен алмастырылып, трансұлттық экономиканың орталығы Солтүстік Америкада орналасқан жаһандану процесі де күнделікті өмірге еніп үлгерді. Бұл процесс «өмірлік стандарттарды жоғарылатуға әкелетін ерекше еліктіруші жол, әсер беретін аса тартымды күш ретінде» (ғаламдастырудың көрнекті апологеттерінің бірі Т. Фридманның сипаттауынша) халықтардың барлық топтарын алдымен материалдық тұрғыда қызықтырып, ал саяси тұрғыда либералды демократия принциптерін алға тарта отырып, социалистік жүйенің ыды-

рауы себепті «өтпелі қоғамдар» деп аталатын турбулентті, аморфты еуразиялық кеңістікті де қамтыды. Біртұтас «жалпы планеталық қаржылық, ақпараттық және өндірістік технологиялық шаруашылықтың пайда болуымен» [2]. түсіндірілетін бұл феномен еркін рынок капитализмін тарату нәтижесінде ұлттық мемлекеттерді трансұлттық өзара әрекет жүйесіне тартып, дербестікке ықпал ете отырып, олардың егемендік өкілеттіліктерінің бір бөлігіне қол сұғады.

Жаһандану – бұл өте жаңа ақпараттық және қаржылық технологияларды, сондай-ақ халықаралық өндірістік, саяси-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық әрекеттің жаңа формаларын пайдалана отырып, бәсекелестердің ұлттық әлеуметтік-мәдени стереотиптеріне қысым жасау арқылы экономикалық әрекетті ұлттан тыс қоюдың жаңа формаларына негізделген бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру процесі. Бұл процестің терең астарлы мәні ұйымдастырушылық-технологиялық және валюталық-қаржылық факторлармен қатар, әлеуметтік-мәдени тегеуірінді ықпалымен де айқындалады.

Шаруашылық өмірдің интернационалдануы барысында еуроамерикандық типтегі дамыған (өнеркәсіпті) елдердің әлеуметтік-мәдени базасына негізделген шаруашылық жүргізу үрдісінің таралуы орын алады [3]. Осы қырынан алғанда, ғаламдастыруды әлемдік шаруашылық байланыстардың жаңа формасы ретінде қарастырып, оны «өмір тәртібінің экспорты» деп атауға болады. Белгілі американдық идеолог З. Бжезинский осы мәселеге қатысты былай дейді: «Мәдени үстемдік американдық ғаламдық қуаттың жеткіліксіз бағаланған түрі болып отыр. Өйткені дамудың американдық жолына еліктеу бірте-бірте бүкіл әлемді қамтитындықтан, бұл жанама түрде болғанымен, келісімді түрде американдық гегемонияның орнатылуына қолайлы жағдай туғызады. Американдық үстемдік, осылайша, шетелдерде американдық жүйенің көптеген белгілері тек көшіріліп қана қоймай, қайта өндірілетін де жаңа халықаралық тәртіпті туғызады» [4].

Объективті әрі тоқтатылуы мүмкін емес деп есептелетін бұл үдерістің барысында қалайша мәдени төлтумалылықты, ұлттық «Менді» сақтап қалуға болады? Өзінің теориялық жамылғысын неомодернистік және неолибералды концепциялардан табатын жаһандану идеологиясына деген, қарқынды түрде жүріп отырған ғаламдастырушылыққа деген қарсылықты соң-

ғы ғасырда әлемнің барлық түкпірінен орын алған «этникалық ренессанстың» бой көтеруінен аңғаруға болады.

Бүгінгі адамзаттық қауымдастықты құрайтын әр алуан әлеуметтік топтардың ішінен этникалық қауым алдыңғы орынға көтеріліп отыр. Қазіргі әлемде архаикалық этникалық қауымдастықтардан бастап, суперэтностарға дейін әлеуметтік-саяси, экономикалық құрылыстары әртүрлі және басым көпшілігінде полиэтникалық болып келетін екі жүзден астам елдің құрамына кіреді. Әлемді шарпыған «этникалық ренессанс» өзінің күрделі, құбылмалы, қайшылықты, қақтығысты сипатымен ерекшеленеді.

Этникалық мәселелердің рөлінің күшеюі өз халқының мәдениетіне деген қызығушылықты оятатын этникалық сана-сезімнің өсуімен байланысты және бұл этникалық белгілердің тұлғааралық ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастарда үстем болуы этникалықтың саясаттандырылуына әкеледі.

Этникалықтың саясаттандырылуы ең алдымен өтпелі қоғамдарда, қоғамның экономикалық өмірінің дағдарысының, жұмыссыздық пен әлеуметтік бәсекелестіктің, қоғамдық шиеленістің өскен тұсында жүзеге асады. Бұл этносаралық қатынастардың бұрынғы саяси, құқықтық, идеологиялық және экономикалық реттеушілерінің бұзылуы және жаңасының бірден қалыптаспауы салдарынан болады. Бұл тұрғыдан алғанда, «этникалықтың саясаттануы тұрғылықты халықтың этникалық тиесілігі саяси өлшемге ие болғанда іске асады. Тұрғындардың идентификациялық бағдарының құрылымында этникалық белгілердің қондырғылары мен мемлекеттік-азаматтық тиесіліктен әлдеқайда басымдылыққа ие болады» [5].

Тоталитаризм шырғауынан босап, саяси тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақ елінің модернизация және әлемдік өркениеттің көшіне ілесуі барысындағы өзін-өзі айқындауы ұлттық және *мәдени өзіндік бірегейлік* (самоидентификация) мәселесін күн тәртібінің алдына шығарады. Бүгінгі күні бұл мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі сыртқы суперөркениеттердің (солтүіктен – православтық, оңтүстік-шығыстан – буддистік-конфуциандық, оңтүстік батыстан – исламдық) қайшылықты ықпал аймағында орналасқан геосаяси жағдайымен, ішкі мәдени әртектілігімен (гетерогенділігімен), яғни ел тұрғындарының көпэтносты, көпдінді құрамымен, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы трансформациялық процестерді бастан өткізген мемлекет құраушы ұлт – қа-

зақтардың өзінде бірегейліктің болмауымен түсіндіріледі. Бұл мәселеге бойлап бармас бұрын, алдымен кейде «бірегейлік», кейде «тиесілік», кейде «етенелесу» деп аударылып жүрген идентификация түсінігіне тоқтала кетейік.

«Идентичность» (identity) өзінің түпнұсқасында философиялық шығармаларда, мысалы Гегельде, Хайдеггерде ұшырасады. Әуел баста Шеллингтің бара-барлық принципін негізделген бұл философиялық ұғым әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда өзгеше мағынаны білдіреді. Екі дүниежүзілік соғыстардың арасында кеңінен таралған әлеуметтік білімдер мен психоанализ салаларында осыған ұқсас категориялар болғанымен, бұл терминнің пәнаралық ғылыми айналымға енуі Эрик Эриксонның есімімен байланысты [6]. Бұл термин жиырмасыншы ғасырдың жетпісінші жылдардың ортасынан әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар сөздігіне толығымен еніп, сексенінші жылдардан бастап ғылыми публицистика мен саяси журналистикада жаппай қолданылатын қоладала бастады.

Қазіргі Қазақстан үшін бірегейліктің нақты үлгісі оның саяси және мәдени өміріндегі ең бір қиын мәселелердің бірі. Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде бұл мәселені шешуде екі деңгейлі көзқарас керектігін айтады. Оның алғашқысы «азаматтық әрі саяси бірлікті қазақстандықтарда қалыптасқан саяси құндылықтарды басым тетікке айналдыру арқылы қалыптастыру... Оның мәні – өзіміздің азаматтық саяси тағдырымызды барша азаматтардың тағдырымен бірдей дәрежеде қорғайтын Қазақстан мемлекетімен ұштастыруда жатыр. Бұл – біздің бірлігіміз бен орнықтылығымыздың іргетасы. Бірегейліктің екінші деңгейі қазақтардың өздерінің ұлттық бірегейлігіне байланысты... Бұл қазақтың ұлт ретінде өзін өзі түсінуі мен рухани өрістерін анықтау мәселесімен байланысты» [7].

Ұлт – тарихи-мәдени айғақ болғандықтан кез-келген мәдениеттің түбірін құрайды. Этнологияда қалыптасқан дәстүр бойынша мәдениет ұғымы берілген этносты құрайтын қауымның қоғамдық қатынастары түсінігімен өте ұқсас. Сондықтан да әлеуметтік антропология (мысалы, британдық зерттеушілер) мен мәдени антропология (американдық зерттеушілер) арасындағы айырмашылық шартты деп саналады.

Ұлттық немесе этностық мәдениеттің негізгі категорияларын бірегейлікпен қатар, ұлттық өзіндік сана, ұлттық мінез-құлық, менталитет және т.б. құрайды. *Мәдениеттердің өзара әсері*

өте ерте кездерден басталды. Батыс пен Шығыстың өзара мәдени әсері соғыс арқылы бастапқыда «белдеулік кезеңде» (К.Ясперс), кейінірек арабтардың Пиреней түбегін басып алуы мен Крест жорықтарында жүзеге асты. Жазба дәстүрдің пайда болуына байланысты кітаптар мәдениеттің дамуы мен сабақтасуында үлкен рөл атқара бастады. Мысалы, антикалық мәдениеттің әсері бастапқыда VII-VIII ғасырларда Шығысқа үлкен әсерін тигізсе, ал мұсылмандық «ренессанс» ортағасырлық Батыс Еуропаға аса күшті мәдени импульс берді. Қазақстан территориясын мекендеген халықтар үшін Батыс пен Шығысты, Қытай мен Еуропаны байланыстырып тұрған транзиттік сауда жолы – Ұлы Жібек жолының рухани әсерлер алмасудағы маңызы зор болды.

Мәдени өзара байланыс – бұл мәдени «контакт», ол ешқандай әсерсіз, өзгеріссіз болуы мүмкін немесе бір-бірімен мәдени сұхбатқа түскен мәдениеттердің бір жақты әлде екі жақты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Мәдени сұхбат тек ұлттар арасында ғана жүрмейді, ол тіпті жеке адамдар арасында да жүреді. Мәдени сұхбат процесінің нәтижесі позитивті немесе негативті болады, ол әрине қабылдаушы институт құрылымы мен тектілігіне де байланысты.

Адамзаттық мәдениет пен ұлттық мәдениет туралы сөз қозғалғанда, салт-дәстүрлер жүйесі міндетті түрде қарастырылады. «Этникалық мәдениет» және «дәстүрлі мәдениет» ұғымдарының бір-біріне жақындығы төмендегі себептерге байланысты: халықтың салт-дәстүрлері ұлттың этникалық сипаттамасын құрайды; салт-дәстүрлер ұлттық ерекшеліктің маңызды элементі болып табылады; дәстүрлер – ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі; дәстүрлі мәдениетке авторлық мәдениет қарсы қойылады, себебі, алғашқысы ауызша таратылады, ал соңғысы индустриалдық қоғамға тән коммуникацияның тығыздылығымен байланыстырылады.

Адам қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар – материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтар – дәстүрді құрайды. «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы» [8] деген XVIII ғасырдағы неміс ағартушысы И.Г. Гердер оның жазба мәдениет пен азаматтық қоғам қалыптасқанға дейінгі уақыттағы мәдениетті тасымалдауы маңызын бағалап отыр.

Дәстүр мен қазіргі заман арақатынасы мәселесі XX ғасырдың 70-жылдары көптеген зерттеулердің нысанына айналды. Капиталистік типтегі жаһандық (глобалды) модерндеу (жанар-

тушылық) тенденциясының таралуымен функционалды байланыста болған позитивті социологияның бағыттары өткенге көз жұма қарады. Әсіресе маркстік бағыттағы тұрпайы социология жаңа формацияның қалыптасуы барысында дәстүр ескілік, артта қалушылық, жетілмегендік деп саналғандықтан жойылуы тиіс деп түсіндірді. Алайда, соңғы уақыттарда қоғамдық ойдағы өзгерістерге байланысты дамудың «эндогендік» (ішкі ресурстарға сүйене отырып дербес даму) идеяларының белең алуымен бұл көзқарас сынанып, қайта қараудың нәтижесінде дәстүр қалың бұқара халықтың қалыпты өмірін қамтамасыз ететін тұрақтылық пен тәртіптің нормасы ретінде бағалана бастады. Кеңестік дәуірде нағандық пен анайылықтың көрінісі деп саналған салт-дәстүр кейінгі мәдениеттану ғылымында «қазіргі ұлттық мәдениеттің басты архетипі» [9] ретінде қарастырылады.

Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жанұяда қалыпты қатынастардың бекітілуіне, үлкен мен кіші арасындағы қатынастарды, қалыптар мен ережелерді игеруге, шаруашылық жүргізудің қалыптасқан тәжірибесін жалғастыруға, еңбекке баулуға, ұлттық мәдениет пен тарихты қадірлеуге, патриотизм тәрбиесі мен туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыруға, эстетикалық және көркем мәдениетті сақтауға жағдай жасайды.

Белгілі уақыттарда күшейе түсетін дәстүрге қайта бет бұру, оны зерттеуге ұмтылу тарихтағы өтпелі кезеңдерде ерекше мәнге ие болатын қоғамдағы үлкен қызығушылықтан туады. Мұндай жағдайда қоғамның рухани өмірінде «қайта өрлеу», «жаңғырту», «реставрация», «ревайвал» сияқты мәдени элементтер орын алады. Дәстүрлі құндылықтар жүйесі дағдарысқа ұшыраған тұста дәстүрлерді заман талабымен үйлестіру мәселесі туындайды. Бұл жағдайда қоғамда «дәстүршілдік», «жаңашылдық», «архаистік», «батысшылдық» және т.б. тенденциялар пайда болады.

Диалектика тұрғысынан дамитын әрбір процесс тәрізді мәдениет феномені тұрақты және дамытын (жаңашылдық) белгілерге ие. Мәдениеттің тұрақты белгісі – бұл мәдени дәстүр. Яғни, осы мәдени дәстүр арқылы тарихта адамзат тәжірибелері жиналады және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Және әрбір жаңа ұрпақ ата-бабалары жинақтап қалдырып кеткен тәжірибелерге өз іс-әрекеттерінде сүйеніп осы тәжірибе, үлгі-өнегелердің, маңыздылығын арттыра түседі.

Дәстүрді қадірлеп ұстанатын қоғамда мәдениетті игеру кезінде осы мәдениеттің үлгілері қайта жаңғыртылады, тіпті, қандай да бір өзгерістерді енгізсе де, тек дәстүр шеңберіне сай қасиеттерді енгізеді. Дәстүр негізінде мәдениет өз қызметін атқарады. Дәстүрдің маңыздылығы, тіпті, шығармашылық маңыздылығынан да жоғары, сонда, шығармашылық дегеніміз адам баласының өзін мәдениет субъектісі ретінде қалыптастыруы болып табылады, ал мәдениеттің өзі – материалды және идеалды объектілерге толы әрекеттердің дайын және стереотипті бағдарламалар жинағы. Стереотипті бағдарламалар – бұл салт-дәстүрлер, рәсімдер және т.б. Бағдарламалардағы өзгерістердің өзі өте баяу жүреді. Осылай алғашқы қауымдық қоғамда және дәстүрлі мәдениеттің соңғы кезеңдерінде болады.

Бұндай тұрақты мәдени дәстүр белгілі бір жағдайларда адамдар тобының өмір сүруі үшін қажет. Ал, егер қандай да бір қоғам гипертрофиялық (шамадан тыс жоғарлату) дәстүрліктен бас тартып, мәдениеттің динамикалық түрлерін ары қарай дамытса, онда адамдар мәдени дәстүрлерден мүлдем бас тарта алады деген сөз емес. Ешбір жеке адам, халық және мемлекет мәдениеті дәстүрсіз өмір сүре алмайды.

Мәдени дәстүр тарихи естелік ретінде мәдениеттің өмір сүру шарты ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің дамуына ықпал жасайтын жағдай. Жаңа заман мәдениетін диалектика жолымен теріске немесе жоққа шығара отырып, «ескі» мәдениеттің жақсы деген қасиеттерін сараптап, зерттеп өз бойына сіңіреді. Бұл процесс – қалыпты процесс, яғни мәдениет саласында әрекет ететін және аса маңызды мәнге ие дамудың жалпы заңы болып табылады.

Әрбір ұлт мәдениетінде жалпы адамзаттық ұнамдылық принциптеріне негізделген консервативті дәстүрлер еркін жеке тұлғалық рухани ізденіспен бірлесіп, үйлесімділікті құраса, осы мәдениеттің қайталанбас ерекшеліктері сақталады. Ұлт мәдениеті оқшауланып өмір сүруі тиіс емес, оған сұхбат және жалғастық қажет. Мәдениет сұхбаты көлденеңнен (бұл жерде, яғни бір уақыттық кеңістікте сұхбат, өзара ықпал ету, өзара ену процестері жүреді) де, тігінен (өткен уақыт осы шаққа және болашақ уақытқа тәжірибе, сабақ ретінде қызмет етеді) де жүреді.

Осылайша, мәдениеттің құрамдас бөліктерінің қоғамда атқаратын негізгі қызметтерін зерделей отырып, оны әлеуметтік тәжірибені тасымалдаудың формасы ретінде, тұлғаны әлеуметтендірудің құралы ретінде қарастыруға

болады. Мәдениет әлеуметтік ес пен жадының бір типі болғандықтан, ол қашанда тарихпен байланысты болады, адамның, адамзат пен қоғамның адамгершіліктік, интеллектуалдық және рухани өмірінің үздіксіз сабақтастығын білдіреді. Сондықтан да қазіргі мәдениет туралы айтқанда, тарихи дәуірлер мен ұлттық мәдениеттердің шектерін басып өтіп, бізді жалпы адамзат мәдениетіне тоғыстырған тарихи жолды еске аламыз. Демек, заман өзгергенімен, адамдар өзгергенімен, мәдениет үнемі осы шақты білдіре отырып, өткен күннің күркірін, жаңғырығын, талып жеткен дауысын естіртіп отырады, осы шақта қала отырып, өткенді өзектілендіреді және болашақты қалыптастырады.

Алайда осы жалпыға ортақ адамзаттық мәдениет әр алуан субмәдениеттермен қатар, жергілікті ұлттық мәдениеттерді айтпағанда, бір тұтастықтың екі қырын білдіретіндей Шығыс пен Батыс деп те бөлінеді. Әсіресе, әлеуметтанулық және мәдениеттанулық әдебиеттерде бұл дихотомия барынша айқын аңғарылады. Бұл тек территориялық бөліністі ғана емес, танымдық сипаттаманың, дүниеге көзқарас қондырғысының, құндылықтық бағдардың алшақтығын аңғартады. Қоғамдық-экономикалық және саяси құрылымдары бойынша да ерекшеленеді. Әдетте «Батыс» дегенде еуропалық (антикалық және кейінгі христиандық) және американдық мәдениеттер ұйғарылса, «Шығыс» мұсылман әлемімен қатар, үнді-буддистік-конфуциандық белдеуді қамтиды. Зерттеушілер батыстық мәдениет пен шығыстық құндылықтардың айырмашылықтарын атап көрсетеді.

«Шығыс» адамы өзіне үніліп, өз «Менін» тануға тырысуы арқылы көрінсе, «батыс» адамы табиғатты бағындыруы, оған ғылымның, техниканың, зерденің көмегімен билігін қалыптастыруы, өзінің адамдық «Менін» паш ету арқылы көрінеді. Бірақ, мұнда Шығыс пен Батыстың айырмашылығы біршама шартты. Әрине, көбінесе, өзгешелеу, бірақ бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Олар адамның шексіз дамуының жалпы үрдісіне, осы үрдістің барлық жетістіктері мен кемшіліктерімен бірге сәйкес келеді» [10, 4 б.].

Мысалы, Батыс технологиялық дамуға, әмір тәртібінің динамикалық өзгерісіне, табиғатты адам мүддесіне бұра отырып, қоғам мен мәдениетті жетілдіруге бағдарланады, жеке тұлғаның маңыздылығы, бастама мен шығармашылық конституциялық формаларда бекітілген. Жаңашылдыққа өту көне құндылықтар жүйесін бұзу арқылы жүреді.

Ал Шығыста жаңашылдық ескіні теріске шығармайды, дәстүрге қондырылады, табиғатпен үйлесімді өмір сүру, дамудағы тұрақтылық алдыңғы орында тұрады. Батыстың мәдениеті сыртқа бағдарланса, шығыстық мәдениет адамның ішкі әлеміне сүңгиді. Батыста материализм, индивидуализм, философия мен ғылым үстем болса, Шығыста руханилық, коллективизм, дін мен мистицизм басым келеді. Сондай-ақ бұл екі әлемнің өзіндік этноцентризмді бар екенін де мойындау қажет.

Мәдениеттер сұхбаты сияқты, «өркениеттер сұхбаты да өркениеттің өзінің онтологиясында бар дүние. Өйткені өркениет өркендеген мәдениет, ал өркендеу дегеніміз міндетті түрде басқа мәдениеттер тәжірибесін жатсынбай, басқа мәдениеттерді танып-білу, олармен араласу, олармен бірлесе тіршілік құру дегенді білдіреді. Өркениет өзінен басқа келесі бір өркениеттермен әрдайым түрлі деңгейлерде қарым-қатынаста болып отырады. Қарым-қатынас – өркениет болмысының міндетті шарты, тіршілік ету көзі. Өркениет – бұл заңды нәтиже және адамдардың жасампаз іс-әрекеттерінің жемісі. Өркениет құндылықтары – әлемдік байланыстардың дамуын қамтамасыз ететін әмбебап құндылықтар» [11].

Мәдениет өзінің көптүрлілігімен және мүмкіншілік молшылығымен құнды. Сөз жоқ: біздің баршамыз әртүрліміз. Түр өзгешелігі диалогтың алғышарты. Демек, зерттеуші-ғалым А. Құлсариеваның пікірінше, «...диалогтың түпмақсаты адамдар арасында үйлесімділікке қол жеткізу, түрлі мәдениеттер, ділдер, діндердің «ортақ» орнының барлығын көрсетіп беру болса, мәдени-элементтік көптүрлілік жағдайындағы гуманизм, яғни адамның жеке тұлғасының шартсыз құндылық екендігін мойындау әлемдегі бірлесе тіршілік етудің жалғыз ғана дұрыс жолы болып табылады» [11].

Ал қазіргі кезеңде бұл сөздің ұғымдық арнасы мейлінше кеңейіп, оның маңыздылығы мен өзектілігі арта түсті. «Сұхбат сөзі енді қарым-қатынастың әр алуан деңгейлері мен қырларын, мысалы, әртүрлі дәуірлердің, халықтардың, мәдениеттер мен өркениеттердің, өткен шақ пен осы шақтың, Шығыс пен Батыстың, дәстүр мен жаңашылдықтың, сондай-ақ діндердің арасындағы өзара түсіністікті сипаттайтын кең ауқымды ұғымға айналды» [12, 98 б.]. Өйткені себебі, соңғы ғасырлардағы ғылыми-техникалық ақпараттық төңкеріс пен ғаламдық өзгерістер әлеуметтік кеңістікті «сығып» тастады және қоғамдық-экономикалық үдерістердің дамуына

жарылыстық сипат беріп, уақыттың жүрісіне шектен тыс шапшаңдық қосты. Жаһандану үрдісінің қарқын алуымен Жербесік «кішірейіп», ол біртұтас адамзаттың бірге өмір сүруі үшін «тарлық» қыла бастады.

Сұхбат – адамдар қарым-қатынасының түп тамыры. Сұхбат идеясы қос түрлі саналар кездесуі идеясы, қос түрлі мәдени әлемдер байланысы идеясы. Әрбір мәдениет өз алдына бір-бір дүние, олар бір-бірімен толық сінісіп кете алмайды да, өйткені олардың әр қайсысы осы әлемде соған ғана «бөліп берілген» өзіндік орнына ие. Диалог әлемі біріншіден, сұхбаттанушы жақтардың біртуарлығына, екіншіден, сұхбаттанушылардың өздерінің Болмыстағы бірегей орнының барлығына және ол орынды одан басқа ешкімнің баса алмайтындығын білуіне иек артады. Яғни, диалог тек тепе-тең сұхбаттанушылар позициясы бар жағдайда ғана, өздерінің әр түрлілігімен маңызды көзқарастар айта алар жағдайда ғана шынайы мүмкін болады.

Бір-бірімізді дұрыс түсініп, дұрыс көзқараспен қарау үшін ақ ниетпен өткізілетін діни-мәдени сұхбат (диалог) керек. Батыс пен Шығыстың қосарлы ықпал аймағында орналасқан Қазақстан үшін мәдениеттер мен діндер сұхбаты идеясының берері мол. Сұхбат ықпалы аймағында орналасқан Қазақстанның елі үшін сұхбаттылық, адамдар арасындағы сыйластық өмір салты болып кеткен.

Олар үшін құқықтық та, қара күш те адамдар бірлестігінің негізі бола алмайды. Олардан биік тұрған құндылықтар – сұхбатты қалыптастырушы сүйіспеншілік, төзімділік, мәміле-келісім болып табылады.

Осыған орай, қарым-қатынаста орын алып келген келіспеушіліктер мен қақтығыстарды күшпен және әскери үстемдікпен реттеудің тарихи қалыптасқан практикасы көнеріп, жаңа әлемдік тәртіпке сай, қатар өмір сүріп араласқұраластық жасаудың баламалы құрылымдарына деген қажеттілік туындады. Қақтығыстардың жаһандануына сұхбатқа негізделген өзара келісімді жаһандандыруды қарсы қою керектігі сезілді, адамзаттың мұнан басқа таңдауы да болмай тұр. Бебітшілікті, тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемдегі адамзаттық болмыстың рухани негіздерін сақтап қалатын діндер мен мәдениеттер арқылы іске асатыны даусыз. Төлтума ұлттық мәдениеттер мен рухани дәстүрлерді жаһанданудың жойқын ықпалынан сақтап, олардың арасындағы өзара түсіністікті қатынасты қалыптастыру бүгінгі күннің

өзекті мәселесіне айналып отыр. Соғыстар мен қақтығыстардың орнына жоғарыдағы ойға негізделген жалпыпланетарлық этиканы қалыптастыру туралы әлемнің түкпір-түкпірінде әр алуан жиындардағы мінберлерде көп айтылуда, ЮНЕСКО тәрізді халықаралық ұйымдар да осы көкейтесті мәселе төңірегінде ауқымды шаралар атқаруда. Әрқилы діндер мен мәдениеттерді ұстанатын әртүрлі ұлт өкілдері мекен ететін біздің унитарлы мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаты да дінаралық, ұлтаралық, мәдениетаралық сұхбат пен келісімді қолдайды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі діни конфессиялардың Бүкіләлемдік съездерінің Астанада өткізілуі де осының куәсі.

Осы орайда сұхбаттың басты алғышарты және бүгінгі күні алдыңғы қатарға шыққан негізгі құндылықтардың бірі толеранттылық екендігін атап айту керек. Толеранттылық (латынша *tolerantia* – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық – адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық – қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші [13, 416 б.]. Толеранттылық – бұл жергілікті халықтың басқа ұлт өкілдеріне және басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды қудаламауының белгісі. Жалпы толеранттылық өркениетті қоғамға тән құбылыс. Мұндай қасиет тұтас ұлттың басына бір күнде орнай салмайтыны белгілі. Бұл – халықтың сана-сезімінің, дәстүрінің, рухани байлығының кемелденгенінің айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алып қарасақ, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатынастардың белгілі бір дәрежеге көтерілгенін байқаймыз.

1995 жылы ЮНЕСКО осы ұйымның құрылуының 50 жыл толуына байланысты өткізілген жиынында 16-қарашаны Халықаралық толеранттылық күні деп жариялады. Ал 1996 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы БҰҰ-на мүше елдерге әр жыл сайын 16 қарашаны Халықаралық тағаттылық күні ретінде атап өтуді ұсынды. Сөйтіп, халықаралық қауымдастық толеранттылықты қазіргі заманғы адамзат болмысының іргелі тұғырнамасы ретінде мойындады. Толеранттылық әр заманда адамзат үшін маңызды ұстаным болып табылды. Дегенмен, жаһанданған қазіргі әлем үшін оның маңызы еселеп артып отыр. Егер осыдан 50-100 жыл бұрын түрлі этностар

өз мемлекеттерінің аймағында немесе федерациялар мен одақтардың құрамында тіршілік етіп келсе, қазіргі мегаполистер жүздеген ұлттар мен ұлыстардың ортақ мекеніне айналған. Бұл ұлттар мен ұлыстар түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің, діндер мен конфессиялардың өкілі болып табылады. Сондықтан олардың қалыпты өмір сүруі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттің де, азаматтық қоғамның да негізгі міндеттерінің бірі.

Қазіргі уақытта жаһандану процесінің қарқынды адым алып, дамып келе жатқан уақытта мәдениеттің шекаралары, оның өзегі мен «перифериялары» туралы мәселелер белсенді түрде зерттелініп отыр. Мысалы, Н. Данилевский бойынша, мәдениеттер бір-бірінен оқшауланып дамиды және алғашқы кездерде олар бір-біріне қарама-қарсы келеді. Осы барлық айырмашылықтар негізінде, Н. Данилевский «халық рухын» көрді. «Сұхбат – бұл мәдениетпен тығыз қарым-қатынаста болу, оның жетістіктерін жүзеге асыру және қайта өндіру, өзге мәдениеттердің құндылықтарын табу және түсіну, осы құндылықтарды селекциялық жолмен бойға сіңіру, мемлекеттер мен этникалық топтар арасындағы саяси қырғи-қабақты бейбітшілік жолмен шешу. Сұхбат – ақиқатты ғылыми іздеудің және өнердегі шығармашылық процестің қажетті шарты. Сұхбат – бұл өзіңнің «Меніңді» түсіну және өзгелермен сұхбаттасу» [14, 74-75 бб.].

Сұхбат мәдениеттің көп қырлы және көп сырлы болуына негіз болады. Осындай позицияны неміс философы, ағартушы Иоганн Готфрид Гердер (1744-1803) ұстанады – «мәдениеттердің өзара әрекет етуі мәдени көптүрлілікті сақтап қалудың амалы. Мәдени оқшауланушылық мәдениеттің құлдырауына алып келеді. Бірақ, мәдени өзгерістер мәдениеттің «ядросына» ешқандай әсер тигізбеуі тиіс» [8, 76 б.]. Қазіргі таңдағы әлемдік мәдениеттер бірқатар және ұзақ мерзімді алған мәдени өзара әрекеттердің нәтижесінде қалыптасты.

Тарихи тұрғыдан қараған кезде, сұхбат әр уақыт кезеңінде ғылыми парадигмалардың ауысуының куәгері болып табылады. Мысалы, антика дәуірінде мәдени сұхбаттың пайда болуы, мифтік сананың орнына философиялық-дискурстік, сыни сана келді. Қайта өрлеу дәуіріндегі сұхбат жаңа парадигманы (антропоцентризм, гуманизм) және сананың жаңа түрін (адам баласының бұл өмірдегі мәртебесінің жоғарылауы) қалыптастырды. Қазіргі мәдениет те мәдениеттегі адам баласы болмысының жаңа

түріне ауыса бастады. Яғни, ХХІ ғасырда мәдениет өмірдің барлық салаларында болып жатқан адам баласы болмысының «эпицентріне» көше бастады.

Сонымен, мәдениеттер сұхбаты кезінде әр ұлттық мәдениет өз өзгешелігін сақтап қалу мәселесі туындайтыны белгілі – бұл заңдылықты құбылыс. Мұндай құбылыс өзгемен сұхбаттасуға ынта-жігері бар және өз табиғатын жоғалтқысы келмейтін «жаны тірі» мәдениетке тән. Адамзаттың барлық тарихы – бұл сұхбат процесі нәтижесінде болатын оқиғалар. Сұхбат біздің өміріміздің барлық салаларын қамтиды. Сұхбат

арқылы адамзат бір-бірімен бір мәмлеге келіп, өзара тығыз байланыста дамиды. Өзара түсіністік негізінде әлемдік үйлесімділік (яғни, ұлттар, халықтар, мемлекеттер, этностар арасында) қалыптасады. Мәдениеттердің өзара әрекет ету процестері әлдеқайда күрделірек, бұл жерде бір мәдениеттен екінші бір мәдениетке жай ғана тасымалдану үдерісі болып қана қоймай, рухани импульстар да алмасты. Демек, қазіргі заман тұрғысынан алсақ та, сұхбат – Шығыс пен Батыс өркениеттерінің, Азия мен Еуропа мәдениеттерінің өзара әрекеттесуінің парадигмалық іргетасы болды.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ Энциклопедиясы
- 2 Бек У. Что такое глобализация? – М., 2001. – 119 с.
- 3 Рожков С. Процесс глобализации и национальные экономики. – М., 2000. – 389 с.
- 4 Бжезинский З. Великая шахматная доска. Господство Америки и его геостратегические императивы. – М., 1999. – 106 с.
- 5 Абдығалиев Б.Б. Политизация этничности: процессы, механизмы, последствия. – Алматы, 2003. – 184 с.
- 6 Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. – М., 1996. – 476 с.
- 7 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 190 б.
- 8 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 703. (252).
- 9 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1998. – 203 б.
- 10 Шығыс философиясы: оқу құралы. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 448 б.
- 11 Құлсариева А. Фетхуллах Гюлен өркениеттер диалогы туралы / <http://www.fethullahgulen.com/kz/buqaralyq-aqparat-quraldarynda/bak/28892-dialog.html>
- 12 Сатершинов Б.М. Исламдағы дінаралық келісім мен сұхбат мәселелері // Ғасыр санасы: онтология, дін, мәдениет: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Ғ.М. Мұтановтың ред. – Алматы, 2011. – 355 (98-102) б.
- 13 Мәдениеттану: жоғары оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық / Құраст. Т. Ғабитов – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.
- 14 Леббон С.Б. Начало цивилизации. – М., 1876. – 350 с.

References

- 1 Kazak, Entsiklopediyasy
- 2 Bek U. Chto takoye globalizatsiya? – M., 2001. – 119 s.
- 3 Rozhkov S. Protsess globalizatsii i inatsional'nyye ekonomiki. – M., 2000. – 389 s.
- 4 Bzhezinskiy Z. Velikaya shakmatnaya doska. Gospodstvo Ameriki i yego geostrategicheskiye imperativy. – M., 1999. – 106 s.
- 5 Abdygaliyev B.B. Politizatsiya etnichnosti: protsessy, mekhanizmy, posledstviya. – Almaty, 2003. – 184 s.
- 6 Erikson E. Identichnost': yunost' i krizis. – M., 1996. – 476 s.
- 7 Nazarbayev N. Tarikh tolk, ynynda. – Almaty, 1999. – 190 b.
- 8 Gerder I.G. Idei k filosofii istorii chelovechestva. – M.: Nauka, 1977. – 703. (252).
- 9 Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1998. – 203 б.
- 10 Шығыс философиясы. Оқу құралы. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 448 б.
- 11 Құлсариева А. Фетхуллах Гюлен өркениеттер диалогы туралы / <http://www.fethullahgulen.com/kz/buqaralyq-aqparat-quraldarynda/bak/28892-dialog.html>
- 12 Satershinov B.M. Islamdaғы dınaralyk, kelisim men sұkhat мәseleleri // Ғасыр санасы: онтология, дін, мәдениет: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Ғ.М. Мұтановтың ред. – Алматы, 2011. – 355 (98-102) б.
- 13 Мәдениеттану: жоғары оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық / Құраст. Ғабитов Т. – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.
- 14 Lebbon S.B. Nachalo tsivilizatsii. – M., 1876. – 350 s.